



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің  
депутаттарына

2024 жылғы 16 мамырдағы  
№ ДС-210 депутаттық сауалға

**Құрметті депутаттар!**

Ауыл шаруашылығы техникасына қатысты сауалдарыңызды қарап, келесіні хабарлаймын.

*Ауыл шаруашылығы техникасын құрастыратын әр өндіріс орнына мемлекет тарапынан көрсетілетін барлық қолдау шараларын зерделеуді және нақты кәсіпорында 1 жұмыс орны ел бюджетіне қанша салмақ салатынына баға беру мәселесіне қатысты*

Соңғы 6 жылда өндіріс көлемі тракторлар бойынша 15,4 есеге (350 бірліктен 5 418 бірлікке дейін) және комбайндар бойынша 2,8 есеге (365 бірліктен 1 032 бірлікке дейін) ұлғайғанын айта кету керек. 2023 жылы тракторлар бойынша өсім 20 %-ға артып, 5 418 бірлік трактор өндірілді, комбайндар бойынша 26 %-ға артып, 1 032 бірлік өндірілді.

Ауыл шаруашылығы машиналарын жасау саласында 2200-ден астам адам жұмыс істейтіндігін атап өткен жөн. Ауыл шаруашылығы машиналарын жасаудың аралас салаларында 3-тен 5-ке дейін қосымша жұмыс орны құрылады. Ауыл шаруашылығы машиналарын жасау әсер ететін негізгі аралас салалар – компоненттер мен материалдар өндірісі, логистика және көлік, жөндеу және қызмет көрсету, білім беру және оқыту, маркетинг және сату, ақпараттық технологиялар, ғылыми-зерттеу институттары мен сынақ зертханалары, қаржы институттары, отын-энергетика секторы, арнайы киім тігу және дулыға жасау фабрикалары, сонымен қатар соңғы тұтынушылар – ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу және басқа салаларды қамтиды.

Ауыл шаруашылығы машиналарын жасау саласындағы барлық аталған қолдау шаралары шартты болып табылады және қаражат республикалық бюджеттен тікелей бөлінбейтініне байланысты бюджетке салмақ түсірмейді. Өз кезегінде салықтар мен баждардан босату шығарылатын техниканың бағасын төмендететінін және ең алдымен өнімнің түпкілікті тұтынушысына, яғни 80 %-ы техниканы төмен бағамен сатып алуға мүмкіндік алатын фермерлерге бағытталғанын атап өтеміз. АӨК саласындағы жұмысшылардың саны (Статистика комитетінің мәліметі бойынша, «ауыл, орман және балық шаруашылығы»

тобы бойынша жұмыспен қамтылған халық) 1 миллионнан асады, тіпті мұндай жұмыс орындарына бюджетке шартты жүктеме де жоқ.

*Отандық және импорттық ауыл шаруашылығы техникасын инвестициялық субсидиялаудың тең мөлшерлемелерін қамтамасыз ету және ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуға байланысты қолданыстағы лизинг мөлшерлемелерін сақтауға қатысты*

Мемлекет басшысының 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы аясында ауыл шаруашылығы техникасын жаңарту қарқынын 8-10 %-ға дейін жеткізу міндетін қойып, отандық техника өндірушілердің де, шаруалардың да мүдделерін ескеру керектігін тапсырды.

Тапсырманы орындау шеңберінде Инвестициялық субсидиялау қағидаларына отандық тауар өндірушілерді қолдау үшін Қазақстанда жолға қойылған ауыл шаруашылығы техникасының кейбір түрлері бойынша инвестициялық субсидиялауды алып тастау бөлігінде өзгерістер (АШМ-ның 2024 жылғы 15 мамырдағы № 160 бұйрығы, 2024 жылғы 26 мамырдан бастап) енгізілді.

Атап айтқанда, ауыл шаруашылығы техникасының 17 түрі бойынша импорттық аналогтарды субсидиялау мүмкіндіктері, оның ішінде тракторлар мен астық жинайтын комбайндардың барлық түрлері және аспалы және тіркеме техникасы (топырақ өңдеу, жемшөп дайындау техникасы, егін егуге және өңдеуге арналған техника, сондай-ақ элеваторлық жабдық және басқалары) бойынша бірқатар позициялар алынып тасталды.

Бұрын қолданыста болған инвестициялық субсидиялау тетігінде бюджеттен төленген 70,0 млрд теңгесінен 42,0 млрд теңгесі (70 %) қымбат импорттық техниканы субсидиялауға жұмсалды.

Инвестициялық субсидиядау қағидаларына енгізілген өзгерісте отандық ауыл шаруашылығы техникасын субсидиялау бюджетін екі еседен астам ұлғайтуға мүмкіндік береді (28,0 млрд теңгеден 63,0 млрд теңгеге дейін).

Сонымен қатар Агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне кредит беру, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын, техникасы мен технологиялық жабдығын сатып алуға лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларына қарыз алушы тарапынан шетелдік өндірушілердің ауыл шаруашылығы техникасын кредитке/лизингке сатып алу кезінде 15 % және отандық өндірістің ауыл шаруашылығы техникасын 6 % мөлшерінде сыйақы мөлшерлемесін төлеуді көздейтін өзгерістер (АШМ-ның 2024 жылғы 15 мамырдағы № 163 бұйрығымен бекітілді, 2024 жылғы 28 мамырдан бастап) енгізілді.

Осылайша инвестициялық субсидиялау және сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау қағидаларына енгізілген өзгерістер отандық ауыл шаруашылығы машиналарын жасау кәсіпорындарын жүктеуге серпін береді деп күтеміз және Агроөнеркәсіптік кешеннің субсидиялау саласындағы жүргізіліп жатқан реформа республикада жүргізіліп жатқан мемлекеттік саясатқа қатаң сәйкес келеді.

**О. Бектенов**